

Түркістан облысы Қазғұрт ауданы

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабакшасы

«Бекітемін»
Балабақша мен мұрундық

Естауера Б. *Бекітімін*

2022-2023 оқу жылының

Өндірістік хаттамалары

Қазғұрт

ЖШС “Айболған” бөбекжай балабақшасындағы
Өндірістік кеңестің хаттамасы №1

Қазығұрт е.м

05 қыркүйек 2022 жыл

Катысқандар: Менгеруші, тәрбиешілер, барлық қызметкерлер

Күн тәртібінде :

1. Балабақшадағы іс-шаралармен таныстырыу.
Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы.
2. Балабақшаның санитарлық –гигиеналық жай-күйі.
3. Топтардың және аланың жөндөлгендігі жөнінде есеп.
4. 2022-2023 оқу жылының еңбек корғау іс –шараларының техникалық –ұйымдастыруышылығын қабылдау
5. Шаруашылық жұмыстары.

Жиналысты балабақша менгерушісі Естайова Балкия Елемесовна ашып, балабақшаның жаңа оқу жылына алған міндеттеріне тоқтала келіп, балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықтың тұрақтылығын қамтамасыз ету бүгінгі балабақша міндетіне жүктелген үлкен жауапкершілік болып отыр деді. Бірінші, екінші мәселе бойынша әдіскер Сақыбай Гулайым Әбілсейтқызы, жазғы сауықтыру мерзімінің атқарылған жұмыстары туралы баяндады.

Келесі кезекте ата-аналарды балабақша өмірімен ақпараттандырып отыру үшін ата-аналарға арналған «Бар мейірім балаға», « Өнеге отбасынан басталады» бұрыштарын қазіргі заман талабына сай безендіруді тапсырды.. Есқі корпустағы Кітап бұрышын жаңартып, екі топқа бір үлкен стенд жасайтын болдық. Орнын аз алатын болды. Аспазшыға, түскі астағы 2 - тағам қуырылған тағам болмасын, қайнатып, үстіне аздаған сорпа, етімен құйылсын деді. Барлық қызметкерлерге, әркім өз лауазымдық міндеттерімен, құнделікті жұмыстарын жауапкершілікпен орындалсын. Барлық қызметкерлерге қауыпсіздік ережелерімен таныстырып, бір данасын қолдарына берілді.

Балабақшаның алдын тазартып, тегістеп қоюын гимарат жұмысшыларына тапсырма берілді. Тәрбиешінің көмекшілеріне, ойни іс-әрекет басталуына байланысты, тез қимылдан, жинақы іс әрекет жасалуын тапсырды.

Шаруашылық менгерушісі: Балабақшаның сыртқы, ішкі тіршіліктерін қарастырып, уақытымен жөндең, жинастыруы, ыдыс-аяқтарды, жихаздардың кемшіліктерін түгендеп, жөнделуіне жауап беретінін ескертілді. тапсырды. Биылғы оқу жылына құрылтайшыдан- жаңадан ойыншықтар, сұлгілер, ыдыс-аяқтар, төсек орын алғыздыру .

Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын бекіту

Соңынан ағымдағы мәселелер қаралып, талқыланды.

Шығып сөйлеуші:

Тәрбиеші, Холдарбекова Ақмарал мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру стандарттың негізгі ережелері тақырыбында стенд шығару үлгісін талқыга салды

ШЕШІМІ:

1. Жаңадан стенттерді қыркүйек айында аяқтау. Жауапты әдіскер:
2. Жаңа 2022-2023 оку жылының жылдық жоспарын құру, бекіту.
3. Балабақшаның екі гимараттың ортасындағы жерге цемент құйып, тегістеп жөндеу. Жауапты менгеруші, шаруашылық менгерушісі
4. Жетіспейтін төсек-орын мен ыдыс-аяқтарды түгендеп, алғызу:
Жауаптылар: менгеруші мен шаруашылық менгерушісі
5. 5. Жыл бойына жоспардағы іс әрекеттерін уақытымен жауапкершілікпен орындау. Балалардың саулығына жауапты барлық балабақша тәрбиешілері.

Төрайымы:

Хатшысы:



Естайова Б

Сакыбай Г

ЖШС “Айболған” бөбекжай балабақшасындағы
Өндірістік кеңестің хаттамасы №2

Қазығұрт е.м

10 қазан 2022 жыл

Қатысқандар: Менгеруші, әдіскер, медбике, тәрбиешілер, барлық қызметкерлер

Күн тәртібінде :

Күн тәртібі:

1. Балалар өмірін қорғау және денсаулығын сақтау жұмыстарын ұйымдастыру . Менгеруші:
2. Балабақша қызметкерлерінің жауапкершіліктерін арттыру. Менгеруші:
3. Балабақшада 2022-2023 оқу жылында техникалық қауіпсіздікті сақтау туралы. Шаруашылық менгерушісі

1. Тындалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі.
балалар өмірін қорғау және денсаулығын сақтау жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі туралы сөз сөйлемеді. Онда балабақша қызметкерлеріне балалар денсаулығын сақтау және өмірін қорғау барысында үнемі қамқорлық ету керектігін айтты. Ол үшін балаларды шынықтыру, дамыту шараларын дұрыс ұйымдастыру және ол шараларды орындау барысында балабақша күнтізбесіне көніл аудару, тазалық талаптарын сәйкестендіру керектігін айтты.

Табиғи факторларын, аурудың алдын – алу шараларын қолдану, толыққанды тамақ ұйымдастыру жән тез бүлінетін, бұзылатын тағамды әкелуге тыым салу тааптарын орындауды медбике тапсырды.

Шешімі:

1. Балалар өмірін қорғау және денсаулығын сақтау жұмыстары ұйымдастырылсын.

2. Тындалды

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Естауова Балкия. 2022-2023 оқу жылында оқу – тәрбиелу үрдісі кезінде бала өмірін қорғау және денсаулығын сақтау шараларын қолға ала отырып, балабақша қызметкерлерінің жауапкершіліктерін арттыруда біршама талаптарды қойды. Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын сақтауда тәрбиеленушілерді тек қана ата-аналарынан (занды иегерлер) қабылдап, соларға ғана табыс етуді тәрбиешілерге тапсырды.

Бөлме ішінде бөтен адамдар болмауын қадағалауды, балабақшаның ішіне, сыртқы участеклерінде бала өмірін сақтау, денсаулығын сақтау жұмыстарының жағдайын тексеру және бала өміріне қауіп туғызатын жағдай

болса, көзін жоюды шаруашылық менгерушісіне тапсырды.

Шешімі:

1. 2022-2023 оқу жылында оқу – тәрбиелеу үрдісі кезінде бала өмірін қорғау және денсаулығын сақтау шараларын қолға алынсын.

3. Тындалды

Үшінші мәселе бойынша, балабақшаның шаруашылық менгерушісі Мұсралимов Е балабақшаның техникалық қауіпсіздікті сақтау іс-шаралары жоспарымен таныстырды. Жоспарда балабақшада электр жүйесіне тексеру жүргізілетінін, техникалық қауіпсіздікten сактандыру бойынша сұраптармен таныстыру жұмыстарының жүргізілетінін, от жағу мерзімінде қазандықтардың дұрыс жұмыс жасаудына, оның техникалық қауіпсіздігінің сакталудына, балабақшаның электр жүйесі, ән-әуен бөлмесі, топтардың дұрыс жұмыс істеудіне, ондағы жұмыс кезіндегі бала өмірінің қауіпсіздігі ескерілетінін айтты.

Шешімі:

1. Өрт қауіпсіздігінен сактандыру бұрыштарын талапқа сай жасалсын және төтенше жағдайлар кезінде көшірудің жоспары ілініп тұруы қамтамасыз ету шаруашылық менгерушісіне жүктелсін.

Балабақша менгерушісі¹
Хатшы: *Сеев* Естауова Б
Сақыбай Г



ЖШС “Айболған” бөбекжай балабақшасындағы
Өндірістік кеңестің хаттамасы №3

Қазығұрт е.м

12 желтоқсан 2022 жыл

Қатысқандар: Менгеруші, әдіскер, медбике, тәрбиешілер, барлық қызметкерлер

Күн тәртібі:

Күн тәртібінде :

1. 16-желтоқсан тәуелсіздік күні мерекесіне Қазығұрт әкімшілігінен балабақшадан бір қызметкерді марапаттау

1 Тәуелсіздік мерекесіне Қазығұрт әкімшілігі марапаттауға бір қызметкерімізді сұрап жатқаны жайлы хабарлама айтты. Соған кімді жіберетініміз туралы ойларын айтуды сұрады.

Әдіскер өткен мерекеге біз бергенбіз. Осы жолы Тажибаева Гульбаршының ұсынайық деген пікір айтты. Осы балабақша өміріне барлық қызметкерлердің зор енбектері бірдей ғой. Сондықтан кезектестіріп беріп отырайық. Қалған қызметкерлер бір ауыздан қолдады.

Шешімі:

1. Көпшіліктің пікірі бойынша ортанғы «Балбебек» тобының тәрбиешісі Тажибаева Гульбаршын алғыс хатқа ұсынылды.
2. Барлық қарауылдар мерекелік демалыс күндері күндіз, тундегі жұмыс мезгілінде өздерінің жұмыс орындарын тастан кетпеуіне қатаң тапсырылды. Құрылтайшы Естаяуова Балқия кез келген уақытта келіп тексереді.

Жиналыс төрайымы: *Айболған Естаяуова Б*

Хатшысы: *Сакыбай Г*



ЖШС “Айболған” бөбекжай балабақшасындағы
Өндірістік кеңестің хаттамасы №4

Қазығұрт е.м

18 қаңтар 2023 жыл

Катысқандар: Менгеруші, әдіскер, медбике, тәрбиешілер, барлық қызметкерлер

1. Тәбиешілердің біліктілік аттестациясына сұраныс беруіне байланысты ұжымның ортасынан комиссия құру.
2. Тұындаған мәселелер.

Медбике – өзінің ойын айтты. Негізі педагогтардың жұмысы жайлы болғасын комиссияға менгеруші, әдіскер, тәжірибелі педагогтер кіреді-деп ойлаймын.

Аспазшы – мен де солай ойлаймын, педагогтердің жұмысын біз түсіне бермейміз. Соныменен көпшіліктің дауысыменен менгеруші, Әдісер, медбике ұсынылды.

Шешімі; 1. Менгеруші - Естауова Б
Әдіскер-- Сақыбай Г
медбике----- Олжабай А

Менгеруші:
Хатшы;



ЖШС “Айболған” бөбекжай балабақшасындағы
Өндірістік кеңестің хаттамасы №5

Казығұрт е.м

18 сәуір 2023 жыл

Катысқандар: Менгеруші, әдіскер, медбике, тәрбиешілер, барлық қызметкерлер

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылдарының қорытындысы
2. 2023 жыл, жазғы жұмыстар
3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары

Бірінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Сақыбай Гулайым есеп берді: Осы оқу жылдарында жоспарға сәйкес барлық іс шаралар өткізілді. Тәрбиешілер әртүрлі семинарларға қатысып өз біліктіліктерін көтеру үшін жан-жақты ізденісте. Топтардағы бала саны біршама толықты. Жалпы жылдық жоспарды түгелімен орындаудың деуге болады. Балабақша түлектерімен қоштасу кешін өткізіп, мектепке шығарып салдық. Ендігі міндет сол кеткен балалардың орнын толтыру.

Екінші мәселе бойынша, Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалды. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын нығайту үшін су процедуralары, құммен ойнау, түрлы спорттық шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «1- маусым балаларды қорғау» күніне орай денсаулық күнін өткізбекшіміз.

Үшінші мәселе: Жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жадынама берілді. Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сактау керек. Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сактау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әнгіме жүргізілдір; маңызды ережелерді түсіндіріліздер; оларды ұстану өмірлерін сактауы мүмкін; баланың бос уақыты мәселесін шешіңіз. Есте сактаңыз! 1. Өз баланыңың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жоқ» деп айтуда толық құқығы бар екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз; 2. Судагы жүзу мен ойындар рақаттанғаннан басқа баланың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызады. Балаңыз суда болған уақытта одан көз алмаңыз, басқа нәрсеге алданбаңыз- сол сәттегі минут қайғылы жағдайға ұшыратуы мүмкін, балаларға жалғыз суда шомылуға, сонымен қоса білмейтін жерде сұнгуге болмайтынын міндетті түрде түсіндіріңіз, балаларға қарап отырған ересек адамның өзі де жүзуді, алғашық көмек көрсетуді білуі

тиіс, қолдан дем алдыру мен тікелей емес жүрек үқалауын жасауды жүргізуді білуі тиіс. 3. Жол-көлік уақығасының құрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жол жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көліктегі мұқият болуды үйретініз; балалармен ойын және спорт алаңында, жорықта шыққанда абайланызы және қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз; 4. Отпен мұқият болыныздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақығаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сірінкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану. 5. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруға міндеттісіз.

Шешімі:

1. Жылдық жоспарды орындауды жақсарту, әр түрлі байқауларға қатысу;
2. Сауықтыру шаралары кезінде балалардың денсаулығына мұқият қарапу;
3. Ата-аналармен балалардың қауіпсіздігі туралы жиі хабарласып, ескертіп тұру.

Балабақша менгерушісі:

Хатшы:



Есташова Б
Сакыбай Г